

## Қызылқоға ауданының 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз-су бағдарламасы" туралы

### *Күші жойған*

Атырау облысының Қызылқоға аудандық мәслихатының XXV сессиясының 2003 жылғы 28 тамыздағы N XXV-3 шешімі. Атырау облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 25 қыркүйекте N 1637 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2007 жылғы 7 ақпандағы № 29-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 07.02.2007 № 29-3 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Заңының 6-шы бабының 1-ші тармағын басшылыққа алып Қызылқоға аудандық мәслихаты ш е ш і м е т т і :

1. Қызылқоға ауданының 2003-2005 жылдарға арналған "Ауыз-су бағдарламасы" бекітілсін (аудандық әкімият қаулысы қосымшасымен).

2. Ауданның тиісті басқару органдары мен жергілікті әкімдер осы шешімді басшылыққа алып, жүзеге асыру шараларын алсын.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы н

*XXV сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

Қызылқоға ауданы әкімиятының қаулысы  
19 наурыз 2003 жылғы N 31

## Қызылқоға ауданының 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз-су бағдарламасы" туралы

Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы "Атырау облысының 2003-2010 жылдардағы "Ауыз сулар" аймақтық бағдарламасы туралы" N 304 қаулысын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 31 бабының 1-ші тармағының 1 тармақшасы негізінде аудан әкімияты қаулы етеді:

1. Қызылқоға ауданының 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз-су" бағдарламасы мақұлданып және бекіту үшін аудандық мәслихаттың кезекті

с е с с и я с ы н а

ұ с ы н ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Мұқанға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

А у д а н

ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№ 31 қаулысына қосымша

**Қызылқоға ауданы бойынша 2003-2010 жылдарға арналған**

**"Ауыз-су" Бағдарламасы**

**Бағдарламаның құжаттары Атырау облысы, Қызылқоға ауданының 2003-2010 жылдарға**

**арналған "Ауыз-су" бағдарламасы**

Бағдарламада аудан тұрғындарын ауыз-сумен қамтамасыз етудің қазіргі жағдайы, атқарылатын іс-шаралар кешені және іске асыру жолдары қ а р а с т ы р ы л ғ а н .

- 1) Ауыз-сумен қамтудың қазіргі жүйелерін қалпына келтіріп, оларды ұстау;
- 2) Ауыз-сумен қамтамасыз етудің жаңа жолдарын іздестіру және баламалы ж ү й е с і н т а б у ;
- 3) Тұтынатын судың сапасын жақсарту, үнемді пайдалану жолдарын іздестіру ;
- 4) Су көздері мен объектілерде экологиялық және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауды жүзеге асыру.

Бағдарламаны іске асыру мезгілі 2003-2010 жылдар.

## **Кіріспе**

"Ауыз-су" аудандық бағдарламасы (Бұдан әрі - бағдарлама) Атырау облысы бойынша 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз-су" аймақтық бағдарламасы негізінде ә з і р л е н е д і .

Бағдарламаның негізгі мақсаты халықты сапалы, санитарлық-эпидемиологиялық талап деңгейіндегі ауыз-сумен қамтамасыз ету.

Бағдарлама 2003-2010 жылдар аралығында жүзеге асырылады.

## **1. Аудандағы ауыз-су ресурстарын пайдаланудың қазіргі жай-күйіне талдау**

Ауданның елді мекендерінде халықты ауыз-сумен қамтамасыз ету, жер астының беткі қабатындағы суымен артезиан ұңғылары арқылы алынған

сулармен қамтамасыз етіледі.

Ауданда ауыз-су мәселесі өткір мәселе ретінде қалыптасып отыр "Индер-Миялы" топтық су құбырына күрделі жөндеудің болмауы, аталған объектінің құрылысы аяқталмай пайдалануға берілмеуі көптеген қиындықтар т у ы п о т ы р .

Ауданның бірде-бір елді-мекенінде ішкі су құбырлар желісі жұмыс ж а с а м а й д ы .

Аудан халқының 64 пайызы немесе 20000 халық ауыз-суды тасымалдау ар қ ы л ы п а й д а л а н ы п о т ы р .

Топтық су құбыры бойында отырған Тасшағыл, қаракөл елді- мекендеріне су құбырдың жарамсыздығынан жеткізілмей отыр.

Ауданның Тайсойған полигоны аймағындағы су көздері пайдалануға ж а р а м с ы з .

Аудан халқын сапалы ауыз-сумен қамтамасыз ету мақсатында төмендегі шараларды жүзеге асыру бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады.

Ауданда құрылысы 1985 жылы жүргізілген ұзындығы 90 шақырым болатын Индер-Миялы топтық су құбыры тартылған. Топтық су құбыры "Атырау су шаруашылық" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының балансында. Тайсойған-Қоныстану-Қаракөл-Тасшағыл елді-мекендерінің құбыр суын пайдаланып отырғаны Тайсойған-Қоныстану елді-мекендері. Ауданның Сағыз-Мұқыр елді-мекендері ауыз-суды темір-жол цистернасымен тасып п а й д а л а н ы п о т ы р .

Қазіргі таңда су құбырының жағдайы нашар, өткен 2001-2002 жылдары Республикалық бюджеттен 115 млн.теңге қаржы бөлініп күрделі жөндеу жұ м ы с т а р ы жү р г і з і л д і .

Ауданның Тасшағыл, Қаракөл елді-мекендерін ауыз-сумен құбыр арқылы қамтамасыз ету мақсатында қосымша төмендегіше жұмыстар атқарылуы тиіс.

## **2. Бағдарламаның мақсаты мен негізгі міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты аудан халқын сапалы ауыз-сумен үздіксіз қ а м т а м а с ы з е т у .

Негізгі міндеттері:

халықты қажетті мөлшерде ауыз-сумен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу, оларды іске асыруға қол жеткізу;

бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында қажетті қаржы көздерінің көлемін және олардың қаржыландыру көздерін анықтау;

Халықты ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз етуде негізгі жүзеге асырылуға тиіс қ а ғ и д а л а р :

мемлекет халықты сапалы ауыз-сумен қамтамасыз етумен жабдықтау саласындағы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жауапты болуға тиіс; суды тұтынудың заңдылықтарға сәйкес ақылы болуы, суды тиімді пайдалануға және кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға мүмкіндік береді; барлық су тұтынушылар су заңдары талаптарын сақтауға міндетті.

### **3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Аудан халқын ауыз-сумен қамтамасыз етудің жәй-күйіне жасалған талдау, қалыптасқан проблемаларды шешуге төмендегіше шаралар алу қажеттігін міндеттейді:

қолда бар сумен жабдықтау жүйелерін қалпына келтіру, оларды үнемі жетілдіру;

ауыз-сумен қамтамасыз етудің баламалы нұсқалары мен жаңа көздерін игеру;

Тұтынатын су ресурстарын тиімді пайдалану.

Аудан бойынша ауыз-су мәселесін шешу үшін Жанкелдин, Жасқайрат, Миялы елді-мекендеріне 14,5 ш. поселкеішілік су құбыры мен су тазартқыш қондырғыларын салу қажет. Миялы селосында 3.1ш. су құбырына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұдан басқа, Қоныстану, Қаракөл, Тасшағыл және Индер-Миялы топтық су құбырына баламалы нұсқау болатын бұдан Қосқұлақ елді-мекенінен Тасшағыл ауылына дейін ұзындығы 20 шақырымды су құбыры желісінің құрылысы қажет. Ал Жасқайрат ауылын сумен жабдықтау, 2005 ж. қоныстануда Жасқайрат ауылына дейін 35 ш. Су құбырын салу керек етеді. Сағыз бен Мұқыр стансасының халқын сумен қамсыздандыру ұзындығы 465 ш. Ноғайты-Сағыз су құбыры күрделі жөндеуді талап етеді. Бұл іс-шаралардың барлығы 2004-2008 жылдарға жоспарланған.

### **4. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері**

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттер мен бюджеттен тыс көздер тартылатын болады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының көлемі тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

### **5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже**

Бағдарламаны жүзеге асыру аудан халқын сапалы экологиялық таза сумен қамтамасыз ету, тұтынудың қажетті нормасына дейін сәйкестендіруге қол жеткізуді көздейді.

Бағдарлама аудандағы барлық ірі елді мекендерді сапалы ауыз-сумен қамтамасыз етуге бағытталған.

Орталықтандырылған су жүйесін пайдаланушылар санын өсіру. Су көздерінің санитарлық талап деңгейінде болуына жағдай жасалады. Халықтың су көздері арқылы жұғатын түрлі инфекциялық аурулармен ауруын төмендету.

Қосымша жұмыс көздерінің ашылуы.

Халықты ауыз-сумен қамтамасыз етудегі оң өзгерістер, өмір сүрудің қанағаттанарлық әлеуметтік-тұрмыстық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларын туғызады және халықты тән саулығы мен рухани саулығына оң ықпал етеді.

### Қызылқоға ауданының 2003-2010 жылдарға арналған елді-мекендерін ауыз-сумен жабдықтау бағдарламасы (млн.т)

N	Елді-мекеннің атауы	Халық саны	Елді-мекенді сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі ұсыныстар							Орын дау мерзімі	Нысанның шама-мен баға-сы	Қаржыландыру көзі
			Су тазартқыш қондырғылар			Су құбырлары						
			Қалпына келтіру	Құрылыс	Шамамен бағасы	Күрделі жөндеу	Бағасы	Құрылыс	бағасы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Қызылқоға ауданы	27895		3	189	48,1	412,03	88	610,5		1211,53	
1	Миялы	6600		1	63			13,2	118,8	2004-2005	181,8	Облыстық бюджет
2	Миялы					3,1	7,03			2003	7,03	Облыстық бюджет
3		2715		1	63			0,4	2,7		65,7	Облыстық

	Жас-кайрат								2004-2005		б ю д - жет	
4	Жанкелдин	1876		1	63			1	9	2004-2005	72	О б - л ы с - т ы қ б ю д - жет
5	Ноғайты-Сағыз топтық су құбыры	9768				45	405			2005-2008	405	Р е с - п у б - л и - к а л ы қ б ю д - жет
6	Қосқұлақ-Тасшағыл топтық су құбыры	6900						20	180	2006	180	Р е с - п у б - л и - к а л ы қ б ю д - жет
7	Қоныстану-Жаскайрат топтық су құбыры							35	300	2006	300	Р е с - п у б - л и - к а л ы қ б ю д - жет

**Қызылқоға ауданы бойынша 2003-2010 жылдарға арналған "Ауыз-су" бағдарламасын іске асыру шараларының жоспары**

N	Шаралар	Бітіру үлгісі	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Шығындар шамасы млн. теңге	Қаржыландыру көздері
1	Қолда бар су құбырлар желісін үнемі тексеру	Тексеру акті	Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	Жыл сайын	-	-
2	Жобалы-сметалық құжаттарды жасау		Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	2003-2008	-	-

3	Су тазартқыш қондырғылардың құрылысы	Құрылыс	Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	2004-2005	189,0	
4	Су құбыры желілерінің құрылысы	Құрылыс	Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	2004-2005	430,5	
5	Су құбыры желілерінің күрделі жөндеу	Күрделі жөндеу	Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	2003-2008	412,03	
6	Топтық су құбырының құрылысы	Құрылыс	Су шаруашылығы мекемесі, әкімдер	2005-2008	180,0	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК